

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторант Жақсылық Әлихан Алтынханұлының «Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдар ретракциясы: проблемаларды талдау және оларды шешу жолдары» тақырыбына дайындылған мақалалар сериясы нысанында диссертацияға ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Өлишемшарттар	Өлишемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертациялық зерттеу тақырыбы (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертациялық зерттеу мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертациялық зерттеу басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p><u>3) Диссертациялық зерттеу Қазақстан</u></p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Укіметінің жаңындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты - Өмір және денсаулық туралы ғылымға сәйкес келеді.</p>

		<p><u>Республикасының</u> <u>Үкіметі жаңындағы</u> <u>Жоғары ғылыми-</u> <u>техникалық</u> <u>комиссия бекіткен</u> <u>ғылым дамуының</u> <u>басым бағытына</u> <u>сәйкес (бағытын</u> <u>көрсету)</u></p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Жұмыстың ғылымға косатын үлесі зор, ал оның маңыздылығы өте жақсы ашылған. Жарияланымдар санының артуымен және ғалымдар арасындағы бәсекелестіктің күшешеімен этикалық бұзушылықтардың саны артып, ғылымның дамуына кері әсер етеді. Ретракциялар шығармалары кері қайтарылатын жеке авторларға да, бүкіл ғылыми қауымдастыққа да зиян тигізеді. Олар ғылыми нәтижелерге деген сенімге нұқсан келтіреді, ғалымдар мен ғылыми мекемелердің беделіне теріс әсер етеді, сонымен қатар, ауыр экономикалық және занды салдарға әкелуі мүмкін.</p> <p>Жақсылық Әлихан Алтынханұлының диссертациялық зерттеу жұмысы дүниежүзі бойынша ғылыми жарияланымдардың ретракцияларының көбеюіне байланысты, салыстырмалы түрде зерттеген және докторанттың бұл жұмысы өте маңызды болып табылады.</p>

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>Жұмыс барысында диссертант зерттеуді үйімдастырудың, дерекқорлардан материалды жинаудың, арнағы зерттеулер жүргізудің барлық кезендеріне белсene қатысқан. Материалды статистикалық өндөу заманауи деңгейде жүргізілген, алынған нәтижелер интерпретацияланған, қорытындылар мен практикалық ұсыныстар тұжырымдалған.</p> <p>Ғылыми жұмыстың тұжырымдарының дәлелді, ғылыми теориялық мәліметтерінің негіділігі ізденушінің мақалаларымен расталған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертациялық зерттеу өзектілігінің негіздемесі:</p> <p><u>1) негізделген;</u></p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс тақырыбының бүгінгі таңда деңсаулық сақтау саласы үшін өзектілігі айқын. Себебі ғылыми зерттеулердің қарқынды дамуы және академиялық қауымдастықтың жаһандануы жағдайында этикалық нормаларды сақтау және ғылыми жарияланымдар сапасы мәселелері ерекше маңызға ие. Ал ізденушінің зерттеу жұмысы және ұсынылған қорытындылар мен ұсыныстар ғылыми жарияланымдарды кері қайтаруға жол бермеудің тиімді стратегияларын қалыптастыруға, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық ғылыми беделін нығайтуға айтарлықтай әсер тигізеді.</p>
		<p>4.2 Жарияланымдар сериясының мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбын айқындаиды</p> <p><u>1) айқындаиды;</u></p> <p>2) жартылай айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны ғылыми жұмыс тақырыбының мәнін көрсететін аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.</p> <p>Жарияланған 5 мақала толығымен диссертациялық зерттеудің тақырыбын айқындаиды.</p> <p>Докторант 4 мақаласын Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) мәліметтері бойынша Q1 квартиліне кіретін «Journal of Korean Medical Science» журналына «Analysis of Retracted Publications in Medical Literature Due to Ethical Violations», «Characteristics of Retracted Publications</p>

		<p>From Kazakhstan: An Analysis Using the Retraction Watch Database», «Research Integrity: Where We Are and Where We Are Heading», «YouTube as a Source of Information on Public Health Ethics» тақырыптарында жариялаған. Сонымен қатар, 1 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енген журналда «Анализ базы данных Retraction Watch по ретрагированным медицинским статьям из Казахстана» тақырыбында жарияланған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері Диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты нақты және айқын түжყыримдалған. Осы мақсатқа жету үшін міндеттер айқындалған, оларды шешу үшін зерттеу объектілері әдістемелік тұргыдан дұрыс таңдалған, ғылыми материалды сараптаудың және статистикалық өндөрдің заманауи ақпараттық әдістері қолданылған; нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілген.</p>
	<p>4.4. Диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор ғылыми жұмыстың ішкі жүйелілігін және алынған нәтижелердің бірлігін анықтайтын зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін логикалық корытындыларды түжყыримдаған. Зерттеуге қолданылған барлық деректер сенімді көздерден алынған, ғылыми мақалаларда жарияланған нәтижелер халықаралық журнал сарапшыларының қос рецензиялауынан өткен.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер мен қагидаттар дәлелденіп, сынни талдау жүргізілген. «Ретракцияларға әкелетін этикалық нормалардың бұзылу себептерін талдау. Ғылыми зерттеулердің этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар» туралы жаңа мәліметтер толық дәлелденген және бұрын жарияланған еңбектер түрғысынан бағаланған және түпнұска болып табылады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстың негізгі ғылыми ережелерінің жаңалығы практикалық және теориялық түрғыдан дәлелденген, бұл ізденушінің ғылыми мақалаларымен, енгізу актлерімен дәлелденеді. Атап өткендей, диссертанттың ғылыми нәтижелерімен қагидаттары толығымен жаңа, және денсаулық сақтауға жаңашыл шешімдерді ұсынады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері және қортындылары күмәнсіз жаңа болып табылады. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар диссертациялық жұмысқа қойылатын ғылыми жаңалық дәрежесіне ие.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденушінің жүргізген зерттеу жұмысы өзекті теориялық және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған. Ғылыми зерттеу барысында алынған нәтижелер тәжірибеге енгізілді, ол енгізу актілерімен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	Ғылыми зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жүргізілген. Әдебиеттік шолудың талдауы диссертациялық жұмыстың міндеттеріне қойылған мәселелердің қазіргі жағдайын көрсетеді. Әдеби ізденіс отандық және шетелдік беделді басылымдардың басылымдарын пайдалана отырып мұқият жүргізілген, бұл жүргізілген жұмыстардың жақсы жазылғандығын көрсетеді. Зерттеудің жобасы халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған. Аяқталған ғылыми жұмыс сауатты түрде жақсы әдістемелік деңгейде орындалғандықтан, автордың нәтижесіне үлкен сенім артуға лайық. Автор зерттелетін мәселенің толық бейнесін алуға мүмкіндік беретін заманауи әдістердің кең спектрін пайдаланған. Қарастырылып отырган диссертация деректерді салыстыра отырып, өз әзірлемелерін

			қолдану нәтижелерін егжей-тегжейлі, логикалық және сауатты талқылауды қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандардың барлығы ғылыми ережелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігін анықтайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Ізденушінің жүргізген зерттеу жұмысы өзекті тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты, қойылған міндеттері мен әдістемесі оның ішкі бірлігі мен сипатталады және ғылыми зерттеудің заманауи әдістеріне жауап береді. Қорғауға шығарылатын қағидалардың нақтылығы мен негізделуіне эксперименталды материалдардың жеткілікті көлемде болғаны, ғылыми ізденістің әдістемесін таңдауы және нәтижелерді SPSS 20.0 статистикалық пакет бағдарламасы көлемімен статистикалық өндеу жүргізуі негіз болды.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған қағидалар тривиальды емес.</p> <p>7.3 Зерттеу нәтижелері фундаменттік, жаңа болып табылады. 5 ғылыми мақалалармен және енгізу актілерімен дәлелденген.</p> <p>7.4 Алынған нәтижелерді қолдану деңгейі кең негізделген және шынайы.</p> <p>7.5 Автор барлығы 5 мақала басылымға шығарылды: 1 макала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда басылыш шығарылды; 4 мақала Web of Science Core Collection және Scopus базаларында индекстелетін басылымдарда шығарылды.</p>

8.	<p>Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Методологияны таңдау репрезентативтілікпен, заманауи ақпараттық зерттеу әдістерімен және зерттеудің ғылыми нәтижелерінің сенімділігін дәлелдеген статистикалық бағдарламалармен сенімді негізделді.</p>
		<p>8.2 Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеду және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Ғылыми ережелер мен нәтижелер заманауи ақпараттық зерттеу үшін сандық деректерді талдау барысында симстатистикалық әдістер (Microsoft Excel сан түрінде (n), пайыз (%)) және медиана (минимум-максимум), жаһандық сапа шкаласы (GQS) және DISCERN құралы, ақпараттық-талдау, көлденең сипаттамалық талдау, ретракцияланған жарияланымдарды санаттарға бөлу әдістерін қолданылған.</p> <p>Сонымен, диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи технологияларды қолдана отырып жұмыстың мазмұнын толықтыра түскен.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары нәтижелерінің сенімділігі ғылыми деректермен, статистикалық талдаудың сенімділік дәрежесімен, баяндалу бірізділігімен, ғылыми нәтижелерімен дәлелденген.</p>

		<p>үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер диссертацияның барлық бөлімдерінде өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Мақалалардағы әдеби шолу үшін 166 дереккөздердің жеткілікті саны пайдаланылды. Пайдаланылған дереккөздер осы өзекті мәселеге қызығушылықтың жаһандық ауқымын көрсетеді.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы зерттеу нәтижелерінің жеке ғалымдарга, ғылыми баспа редакторларына, жоғары оку орындары мен ғылыми үйімдарға өздерінің практикалық қызметінде және оку бағдарламаларын дайындауға негіз бола алады.</p>
		<p>9.2 Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Алынған жаңа білімдер негізінде «Ретракцияларға әкелетін этикалық нормалардың бұзылу себептерін талдау. Ғылыми зерттеулердің этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар» әдістемелік нұсқаулық әзірленді. Ғылыми-зерттеу этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар 2024 жылы пайдалану үшін ҚР ДСМ Ғылым және адами ресуртар департментіне, медициналық жоғары оку орындарына білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану үшін енгізілді және</p>

			актілері алынды. Сонымен қатар зерттеу жұмысы нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы және Қазақстан Республикасының ғалымдары мен жоғары оқу орындарына осы зерттеу нәтижелерін өздерінің практикалық қызметінде белсенді түрде пайдалануды ұсынатыны туралы ҚР ФЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің хатымен расталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары, себебі диссертациялық жұмыс диссертация мазмұнына сәйкес келетін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге (Q1) кіретін басылымдарда үш мақала және бір шолу жариялаган. Мақаланың екеуінде докторант бірінші автор.
11.	Диссертацияга ескертулер	-	

12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>1. Мақала: «Этикалық бұзушылықтарға байланысты медициналық әдебиеттердегі ретракцияланған жарияланымдарды талдау»</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Мақала денсаулық сақтауды қоса алғанда, әртүрлі пәндерге баса назар аудара отырып, қазақстандық авторлардың ретракцияланған ғылыми жарияланымдарына кешенді талдау болып табылады. Retraction Watch деректер базасында талдау жүргізу зерттеуді өзекті және сенімді етеді. Ғылыми әдебиеттерде алғаш рет ретракция себептерін жүйелі түрде зерттеуге назар аударылған, бұл жұмыстың қазақстандық ғылыми қоғамдастық пен халықаралық деңгей үшін жоғары маңыздылығын анықтайды.</p> <p>2. Мақала: «Қазақстаннан ретракцияланған жарияланымдардың сипаттамалары: Retraction Watch деректер базасын қолдану арқылы талдау»</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Мақала Retraction Watch деректер базасын пайдалана отырып, Қазақстаннан ретракцияланған жарияланымдардың сипаттамаларын талдау болып табылады. Зерттеу ретракциялардың себептерін, бұзылу түрлерін және авторлардың рөлін ашады, бұл бірінші рет осы мәселенің тереңдігі мен құрылымын ұлттық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл талдау ғылыми ұйымдардағы жарияланым процестеріне бақылауды қүшейту қажеттілігін көрсетеді.</p> <p>3. Мақала: «Әлеуметтік медианы қоғамдық денсаулық сақтау этикасының көзі ретінде бағалау»</p> <p><u>Ғылыми деңгей:</u> Бұл мақалада әлеуметтік медианың, атап айтқанда YouTube-тің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы этиканы қабылдауға әсері қарастырылады. Ақпараттың дұрыстығын және оның этикалық стандарттарға сәйкестігін алғаш рет бағалайтын зерттеу танымал медиа ресурстар арқылы жалған ғылыми деректерді тарату мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. Басылым этикасын зерттеудің бұл жаңа тәсілі қазіргі цифрлық дәуірде жоғары өзектілікті көрсетеді.</p> <p>4. Мақала: «Зерттеудің тұғастығы: Біз қайдамыз және Біздің бағыттымыз»</p> <p><u>Ғылыми деңгей:</u> Мақалада Қазақстандағы ғылыми жарияланымдардың этикалық стандарттарын жақсартуға бағытталған практикалық ұсыныстар ұсынылған. Алғаш рет ретракциялардың алдын алу үшін институционалдық</p>
-----	--	--

		<p>денгейде енгізілуі мүмкін нақты шаралар өзірленді. Бұл жұмыс елдегі жарияланым қызметінің стандарттарын жақсартуға айтарлықтай әсер етеді және этикалық бұзушылықтар санын азайтуға ықпал етеді.</p> <p>5. Мақала: «Қазақстаннан ретракцияланған медициналық ғылыми мақалалар бойынша Retraction Watch деректер базасын талдау»</p> <p><u>Ғылыми деңгейі:</u> Бұл мақалада қазақстандық авторлардың этикалық себептер бойынша ретракцияланған медициналық мақалаларына жүйелі талдау жүргізілді. Зерттеу плагиат және жалған шолу сияқты факторларды терең баяндайды, бұл жұмысты ғылыми этика мен медициналық басылымдарды тексеру механизмдерін жетілдірудің маңызды құралына айналдырады. Мақала қазақстандық медицина ғылымы үшін жоғары ғылыми және практикалық маңызға ие.</p> <p>Докторанттың барлық мақалалары ғылыми жаңалықтың жоғары деңгейімен, зерттеудің өзіндік ерекшелігімен және тақырыптың өзектілігімен сипатталады, бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми қоғамдастық үшін және Қазақстандағы ғылыми этиканы одан әрі дамыту үшін маңыздылығын растайды.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі:</p> <p>1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);</p> <p>2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда тузытууді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;</p>	<p>Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Жақсылық Әлихан Алтынханұлының 6D100200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдар ретракциясы: проблемаларды талдау және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы рецензиялауга ұсынылған диссертациялық зерттеуі ішкі бірлік, практикалық құндылық, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы бар, нәтижелер өте маңызды, ғылыми сапасы жоғары толық аяқталған зерттеу болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» талаптарына сәйкес, ал автор болса 6D100200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>

3) егер академиялық адалдық қагидаты бұзылған немесе
ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік
қагидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы
(PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас
тарту.

Ресми рецензент:
Медицина ғылымдарының докторы, профессор,
Астана медицина университетінің проректоры



Койков В.В.

